



БЕКІТЕМІН
ректор М.Рысбеков
0.09.2018ж.

**ОҚМА жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру
ЕРЕЖЕСІ
Е 044/241-2018**

Күні	Көшірме	Басылым
		Бірінші

Шымкент



Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы
ОҚМА жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру Ережесі

044/241-2018
15 беттің 2 беті

**Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасымен
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ** (№1 хаттама
29. 08 2018 ж.)

ОҚМА Сапа бойынша кеңесте бекітілді және қолданысқа енгізілді
(№5 хаттама 07. 09 2018 ж.)

Кезеңдік тексеру мерзімі – 3 жыл



Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
2. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар.....	4
3. Комиссияны құру тәртібі.....	4
4. ОҚМА жатақханасына орналастыру және орын ұсыну тәртібі.....	5
5. Жатақхананың кіріп-шығу тәртібі.....	7
6. Жатақхана тұрғындарының құқығы.....	8
7. Жатақхана тұрғындарының міндеттері.....	8
8. Жатақхана әкімшілігінің құқығы	10
9. Академия әкімшілігінің міндеттері.....	10
10. Жатақхана әкімшілігінің міндеттері.....	11
11. Жатақханада өзін-өзін басқару органдары.....	12
12. Жатақхана тұрғындарының жауапкершілігі	12
13. Жатақхана тұрғындарын шығару тәртібі	13
14. Библиография.....	14



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. ОҚМА жатақханасына орналасу және тұру ережелері (әрі қарай – Ережелер) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заны 5 бабының 46-13) тармақшасына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы бекіткен №66 бұйрығына сәйкес әзірленген.

1.2. Ережелер Академияның жүйелі нормативті актің болып табылады, оның орындалуы деканаттар мен ОҚМА жатақханасында тұратын барлық тұрғындарға талап етіледі.

1.3. Академияның тұрғылықты орындары білім алушыларға уақытша тұрақтануға арналған.

1.4 ОҚМА жатақханасында орын бөлу тәртібі білім алушыларға жатақханада орын бөлу негізі мен кезегі ескеріле отырып, осы Ережемен анықталады.

2. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

ҚР ДСМ

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігі

ҚР БФМ

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

«ОҚМА» АҚ

- «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы»
акционерлік қоғамы

ЖСБ

- Жастар саясаты бөлімі

ОӘЖ

- Оқу-әдістемелік жұмыстары

ОӘО

- Оқу-әдістемелік орталығы

ӘШД

- Әкімшілік-шаруашылық департаменті

ӘБП

- Әкімшілік-басқарушы персонал

ЖОО

- Жоғарғы оку орны

СӨС

- Салауатты өмір салты

ПД

- Ішкі істер департаменті

ІСД

- Ішкі саясат департаменті

АЖО

- Академияның жастар орталығы

3. Комиссияны құру тәртібі

3.1 Жатақханада орынды арнайы құрылған байқау комиссиясы бөледі.

3.2 Жатақханада орын бөлу бойынша байқау комиссиясының сандық және тұлғалық құрамын (әрі қарай – байқау комиссиясы), сонымен қатар оның өкілетті мерзімін ОҚМА ректоры белгілейді.

3.3 Байқау комиссиясының құрамына төменде көрсетілгендер кіреді:



1) ОҚМА басқарушы құрамының өкілі – білім алушылардың жатақханада тұру мәселелерін үйлестіруге жауапты ОҚМА проректоры.

2) Студенттік өзін-өзі басқару үйым өкілі;

3) деканат тарағынан – жатақханаға орналастыру сұрақтарына жауапты декан немесе декан орынбасары;

4) жастар саясаты бөлімінің өкілі.

3.4 Байқау комиссиясының төрағасы болып - білім алушылардың жатақханада тұру мәселелерін үйлестіруге жауапты ОҚМА проректоры тағайындалады.

3.5 Байқау комиссиясының негізгі міндеттері:

1) байқау комиссиясы мәжілістерінің кестесін белгілеу;

2) өтініштерді объективті қарастырып, білім алушылардың құқығы мен қызығушылығына зиян келтірмейтін шешім қабылдау;

3) байқау комиссиясы мәжілістерінің қорытындысы бойынша шешім шығару.

4. ОҚМА жатақханасына орналастыру және орын ұсыну тәртібі

4.1 Байқау комиссиясы білім алушылардың өтінішін белгіленген үлгі бойынша жатақханадан орын бөледі.

4.2 Жатақханада орын ОҚМА-ның келесі санаттағы білім алушыларға беріледі:

1) мүгедектер қатарынан мүмкіндігі шектеулі адамдар; бала кезден мүгедектер; I және II топтағы мүгедектер; мүгедек балалар; жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар; ата-анасының екеуінде де немесе ата-анасының бірінде мүгедектігі барлар;

2) кәмелеттік жасқа жеткен сәтте ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған адамдар; ата-аналары жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектерге теңестірілгендер; ауыл жастары қатарынан шыққан, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға оқуға түсken адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын «оралмандар»;

3) «Алтын белгі» иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпазының сертификатын иеленген білім алушылар, сондай-ақ оқу орнын үздік бітірген, білім туралы растайтын құжаты бар (куәліктер, атtestat, диплом) талапкерлер.

4) Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеу қорытындылары, үйым өткізген қабылдау емтихандары немесе тестілеу түрінде пәндер қорытындылары бойынша жоғары балл жинаған мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға қабылданған бірінші курс білім алушылары;

Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеу қорытындылары, үйым өткізген пән бойынша немесе тестілеу түріндегі қабылдау емтихандары пәндер қорытындылары бойынша тең балл жинаған кезде Конкурстық комиссия



Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығының қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларына сәйкес өтініш иесінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілілігін растайтын анықтама ұсынған жағдайда, білім алушының материалдық жағдайын ескереді.

5) оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыстарда жоғары нәтижелерге жеткен жоғарғы курс студенттері қатарындағы білім алушылар.

6) Қазақстанның басқа өнірлері мен облыстың алыс аудандарынан келген білім алушылар;

7) «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған аналардың балалары;

8) Жағдайы төмен және көп балалы жанұядан шыққан білім алушылар;

9) Ауылдық квота бойынша оқытын білім алушыларға; (ауылда тұратын мекенжайы туралы анықтама).

4.3 Білім алушылар қатарындағы шетелдік азаматтар халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етіледі.

4.4 Конкурстық комиссия өтініштерді қарау қорытындылары бойынша жатақханадан орын беру туралы шешім қабылдайды.

4.5 Конкурстық комиссия білім алушының күтпеген отбасылық, материалдық және басқа жағдаяттар себептерінен тұрғын жайға мұқтаждығы туындағанда жатақханадан орын беру туралы, сондай-ақ жатақханада тұру ережелерін немесе ұйымның жарғысын сақтамағаны үшін негізделген ұсыныс бойынша жатақханадан шығару туралы шешім қабылдайды.

4.6 Конкурстық комиссия жатақханаларда орын бөлуді кезең-кезеңмен:

1) барлық курстарда келесі оқу жылында білім алушыларға оқу жылының басында (тамыз);

2) жатақханаларда тұратын білім алушылар контингентінің өзгеруіне сәйкес, сондай-ақ ауысып келген немесе қайта қабылданған білім алушыларды негізді орналастыру үшін оқу жылының ішінде, қажеттілігіне қарай жүргізеді.

4.7 Конкурстық комиссия тәрағасының қолы қойылған жатақханада тұру үшін жасалған тізім негізінде білім алушыға жатақханадан орын берілгені туралы жолдама беріледі.

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы ОҚМА жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру Ережесі		044/241-2018 15 беттің 7 беті

4.8 Жатақханаға орналастыру жатақхана менгерушісімен (комендант) тұрғылықты орынды жалдау туралы келісімшарт негізінде, орналасуышының жеке куәлігі және денсаулығы жөніндегі анықтама, тұрғылықты мекенжайы туралы анықтама және жоғарыдағы санаттарға жататындығын куәландыратын анықтама (барлық анықтама нотариалды куәландырылған) негізінде жүзеге асады.

4.9 Білім алушылар жатақханаға орналасу барысында осы Ережелермен, Академияның ішкі еңбек тәртібінің Ережелерімен танысып, электртұрмыстық қондырғыларды, тұрмыстық радиоаппараттарды пайдалану кезінде техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықпен танысуы тиіс, жеке электртұрмыстық құрылғыларды пайдаланудың белгіленген тәртібімен және жатақханада орынды босату тәртібімен танысуы тиіс.

4.10 ОҚМА жатақханасында тұру ақысының мөлшерін экономика жоспарлау бөлімімен белгіленеді және ректор бекітеді.

4.11 Жатақханада тұру ақысы ондағы тұрган (оку жылы), демалыс уақытын қосқанда барлық уақытқа алынады, білім алушылардың демалыс уақытында үйіне қайтқан жағдайда төсек орын заттары және қосымша қызметтер үшін ақы алынбайды.

4.12 Тұрғын тұрғылықты орынды жалдау келісімшартын бұзған жағдайда үш күн аралығында орнын босатуы тиіс, жатақхана менгерушісіне (комендант) тұрғылықты орынды таза және алынған құрал-жабдықтарды жұмыс күйінде тапсыруы тиіс.

4.13 Жатақхананы білім алушылар, демалыста болғанда пайдалану тәртібі білім студенттік кәсіподак ұйымының академия әкімшілігі тілектеріне сәйкес есепке ала отырып анықталады.

5. Жатақхананың кіріп-шығу тәртібі

5.1 Жатақханаға кіріп-шығу тәртібі жүзеге асырылады:

- өмір сүрудің тәртібі мен қауіпсіздігі бойынша кезекші вахтерлермен тәулік бойы:

5.2 Жатақхана әкімшілігінің жатақханада белгіленген тәртіпті сақтау талабы барлық тұрғындарға бірдей қойылады.

5.3 Жатақханаға кіру үшін тұрғындарға белгіленген үлгі бойынша өту қағазы беріледі. Өту қағазы жатақханаға кіру үшін негізгі құжат болып табылады. Жатақханада келген қонақ жеке куәлігін көрсету арқылы кіреді.

5.4 Кезекші (вахтер) 22.00-6.00 аралығында келген студенттердің барлығын журналға енгізіп отыруы тиіс.

5.5 Жатақханада тұрмайтын тұлғалар жатақханаға 07.00-22.30 аралығында тұрғындардың шақыруы бойынша ғана кіре алады. Тұрғындар қонақты вахтада қарсы алуға міндетті. Вахтада келген қонақтың жеке куәлігі және осы тұрғынның өту қағазы қалады.

5.6 Қонақ қайтқан жағдайда тұрғын қонақты вахтаға дейін шығарып салуы тиіс.



5.7 Бөлмеде тұрмайтын тұлға осы бөлменің басқа тұрғындарының келісім арқылы бола алады.

5.8 Қонақтар, оның ішінде Академия білім алушылары жанұясының мүшесі, жатақхананың қонақ бөлмелерінде (болған жағдайда), бос орын болса уақытша тұруға құқылы.

5.9 Қонақтардың осы Ережелердің және ішкі еңбек тәртібінің сақтауы бойынша жауапкершілік шақырушы тұрғынға жүктеледі.

5.10 Жатақханада тұратын немесе олардың қонақтары жатақханаға уақытша қонақ болған кезде жатақхана ережелерін бұзған жағдайда, жатақхананың менгерушісі (комендант) бұзушылық жасағандардан түсініктеме алып, тәртіптік шара қолдану үшін факультет деканына тиісті қызметтік хатпен бірге жіберіледі.

5.11 Кезекші (вахтер) бөтен тұлғалардың жатақханада тәртіп бұзушылық болуы мүмкін деп қауіптенетін жағдайда оларды жатақханаға кіргізбеуге құқылы. Мұндай шешімге шағымдануды жатақхана менгерушісі (комендант) арқылы, ол болмаған жағдайда кезекші оқытушы және декан арқылы шешуге болады.

5.12 Жатақхана қызметкерлеріне кез-келген дәрекі қарым-қатынас, өту қағазы мен жеке куәлікті көрсетуден бас тарту осы Ережелердің және ішкі еңбек тәртіп ережесін дәрекі түрде бұзы болып табылады.

6. Жатақхана тұрғындарының құқығы

Жатақхана тұрғындары құқылы:

- өздеріне бекітілген тұрғылықты бөлмеде осы Ережелердің, ішкі еңбек тәртібінің ережесі және тұрғылықты орынды жалға алу келісімін сақтаған жағдайда, оқудың барлық мерзімінде тұруға құқылы;

- өздік жұмыс жасауға арналған бөлмелерді, мәдени-тұрмыстық шараларға арналған орындарды, жатақхананың қондырғылары мен жабдықтарын қолдануға құқылы;

- жатақхана менгерушісіне (комендантқа) уақтылы жөндеу жұмыстарын жасау туралы, тұрғының кінәсінен емес істен шықкан қондырғылар мен жабдықтарды ауыстыру туралы өтініш жасауға құқылы;

- жатақхананың білім студенттік кеңесін қалыптастырып, оған мүше болып сайлануға құқылы;

- жатақхана білім студенттік кеңесі арқылы тұрғын үй-тұрмыстық жағдайды шындау, тәрбие жұмысы мен бос уақытты дұрыс ұйымдастыру бойынша мәселелерді шешуге құқылы.

7. Жатақхана тұрғындарының міндеттері

7.1 Жатақхана тұрғындарының міндетті:

- тұрғылықты орынды жалға алу туралы Академиямен құрған келісім талаптарын орындауға;

- орналасқан жері бойынша тіркеу үшін және әскери есепке алу үшін құжаттарды белгіленген тәртіп және уақытта тапсыруға;

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы ОҚМА жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру Ережесі		044/241-2018 15 беттің 9 беті

- жатақханаға орналасқан уақыттан бастап жатақханаға уақытша тіркелуге (тұрғылықты тіркеуі үйі болып қала береді) және жатақхананы босатқан уақытта тіркеуден шығуға;

- осы Ереженің 3.5 тармағында көрсетілген уақытта қонақтарды қабылдауға;

- жатақханада тұрғаны үшін, төсек орын заттарын пайдаланғаны үшін және барлық ұсынылатын ақылы қызмет үшін белгіленген көлемде ақыны уақтылы төлеуге;

- өздік жұмысқа арналған орынды және мәдени-тұрмыстық шараларға арналған орындарды пайдалану кезінде тыныштық сақтауға және аталған орындарды басқа тұрғындардың пайдалануына кедергі келтірмеуге;

- осы Ережені, қауіпсіздік техника ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға;

- тұрмыстық электржабдықтарын пайдалану бойынша нұсқауларды қатаң сақтауға;

- жатақханадағы арнайы орындар мен жабдықтарды, қондырғыларды ұқыпты пайдалануға;

- электржарығы мен суды үнемді етіп пайдалануға;

- тұрғылықты орын мен ортақ орындарды пайдалануда тазалық пен тәртіпті сақтауға, өз бөлмелерінде тазалық жұмыстарын күн сайын, ал асханада кезекшілік кестесіне сәйкес жүргізуғе;

- материалдық шығын келтірген жағдайда ҚР заңнамасына және тұрғылықты орынды жалдау келісімшартына сәйкес өтімін толтыруға;

- жатақхана жұмысшыларының талаптары бойынша жеке куәлікті және жатақханаға өту қағазын көрсетуге;

- осы Ережелерінің орындалуын қадағалау, мұліктердің бүтіндігін тексеру, профилактикалық және жұмыстың басқа да түрлерін жүргізу мақсатында Академияның және (немесе) жатақхананың әкімшілігіне тұрғын бөлмелерді қарап шығуға мүмкіндікті қамтамасыз етуге;

7.2 Жатақхана тұрғындарына тыйым салынады:

- бір бөлмеден екінші бөлмеге өз бетінше көшуге;

- бір бөлмеден екінші бөлмеге жабдықтарды өз бетінше тасымалдауға,

- электрсымдарын өз бетінше қайта жасауға және электр жүйесін өз бетінше жөндеуге;

- басқа бөлмелерде тұратын тұрғындардың тыныштығын бұзбау үшін 22:00-ден 07.00-ге дейінгі уақыт аралығында теледидар көрмеуге, радиоқабылдағыштарды, магнитофондарды және басқа да қатты дыбысты заттарды пайдаланбауға және де басқа іс-әрекеттер жасамауға;

- арнайы бөлінген орындардан басқа тұрғын бөлмелерінің қабырғаларына, ортақ орындардың қабырғаларына хабарландыру, сабак кестелерін және т.б. жапсыруға;

- жатақхана орындарында темекі тартуға;



- белгіленген тәртіпті бұза отырып, бөтен тұлғаларды жатақханаға кіргізуге және (немесе) оларды жатақхана түнетуге; басқа тұлғаларға, оның ішінде – басқа бөлме тұрғындарына тұрғылықты орын ұсынуға;

- жатақханаға ішімдік немесе есірткі қолданған күйде келуге, алкогольдік ішімдіктерді қолдануға және сақтауға;

Жатақханада тыйым салынады:

- ішімдік және есірткі заттарын сатуға;
- жатақхана менгерушінің (команданттың) рұқсатынсыз қосымша құлып орнатуға немесе құлыптарды қайта жасау немесе оларды ауыстыруға;
- тұрғылықты орында ашық от көздерін пайдалануға;
- жатақханада үй жануарларын ұстауға;
- бөлмеде тұратын тұрғындарға кедергі келтіретін ұлken көлемді заттарды сақтауға болмайды.

8. Жатақхана әкімшілігінің құқығы

7.1 Жатақхана әкімшілігі құқылы:

- жатақхана өмір сүру жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстарын білдіруге;
- жатақхананың білім студенттік кеңесімен бірлесе отырып, ішкі тәртіпті бұзатын тұрғындарға тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстарды деканның қарауына ұсынуға.

9. Академия әкімшілігінің міндеттері

Академия әкімшілігі міндетті:

- білім алушыларға Қазақстан Республикасының заннамасына және жатақхана тұру нормаларына, Академияның жатақханасы туралы Ережеге сәйкес жатақханадан орын беруге;
- жатақханаға орналасу барысында және білім алушылардың әрі қарай онда тұруы кезінде жатақханада өмір сүру мәселелерін реттеуші Академияның жүйелі нормативтік актілері туралы хабардар етуге;
- жатақхана орындарын белгіленген санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес қажетті жағдайда ұстауға;
- тұрғындармен тұрғылықты орынды жалға алу келісімін құру және орындауға;
- жатақхананы жиһазбен, қондырғылармен, төсек орын заттарымен және басқа да жабдықтармен кешендендіруге;
- жатақхананың штатын белгіленген тәртіпке қызмет көрсету құрамымен толықтыру;
- жатақхананың тұрғындарын қажетті коммуналды және басқа да қызметпен қамтамасыз ету, өздік жұмыс жасауға арналған орындармен қамтамасыз етуге және мәдени-бұқаралық, сауықтыру және спорт шараларын өткізуға арналған орындармен қамтамасыз етуге;



- қауіпті аурумен ауырған жағдайда жатақхана тұрғынын дәрігерлер кеңесі негізінде арнайы бөлмелерге уақытша ауыстыруға;

- жатақхананың білім студенттік кеңесіне өзін-өзіне қызмет көрсету, еңбек жағдайын жақсартуға, тұрмыс және тұрғындардың демалысын жақсарту мәселелері бойынша білім студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту жұмыстарына қолдау көрсетуге;

- жатақханада тұрмыстық, мәдени-тұрмыстық жағдайды жақсарту бойынша шараларды жүзеге асыру, тұрғындардың ұсыныстарын іске асыру бойынша уақтылы шаралар қолдану, оларды қолданылған шаралар жөнінде хабардар етуге;

- санитарлық талаптар мен еңбек қорғау ережелеріне сәйкес жатақхананың барлық орындарын жылу жүйесі мен жарықпен қамтамасыз етуге;

- жатақхананы және бекітілген аумақты тазалау, қызмет ету, жайландыру бойынша жұмыстар жүргізу барысында қажетті қондырғылармен, жабдықтармен, құралдармен және материалдармен қамтамасыз етуге;

- жатақхана аумағында күзет пен белгіленген өткізу тәртібін сақтауды қамтамасыз етуге.

10. Жатақхана әкімшілігінің міндеттері

жатақхананың әкімшілігі міндетті:

- тұрғындарды келген орындары бойынша тіркеу үшін құжаттардың болуын қамтамасыз етуге;

- тұрғындардың жатақханаға уақытша тіркелуін қадағалауға және қамтамасыз етуге (паспортист);

- жатақхана орындарын белгіленген санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес сақтауға;

- жатақхананы жиһазбен, қондырғылармен, төсек орындарымен және басқа да жабдықтармен қамтамасыз ету;

- жатақханаға, жабдықтарға, қондырғыларға ағымдық жөндеу жүргізуді қамтамасыз етуге, жатақханаға бекітілген аумақты, жасыл желекті лайықты денгейде ұстауға;

- жатақхананың құбыр жүйесінде, электржүйесінде, су желісінде болған ақауларды шұғыл түрде жөндеуге;

- жатақхана тұрғындарын қажетті өздік жұмысына арналған орындар, демалыс орындары және тұрмыстық бөлмелермен қамтамасыз етуге;

- жатақхана бөлмелерін пайдалану бойынша және санитарлық жағдайы бойынша кемшіліктерін анықтау мақсатында жатақхананың барлық орындарын күнделікті тексеріп отыруы керек;

- 10 күнде бір реттен кем емес төсек жаймаларын ауыстырып отыруы тиіс;

- жатақхана тұрғындарына тұрмыстық техниканы, аппараттарды қолдану барысында техника қауіпсіздігі мен тұрмыстық электро құралдарымен қолдану нұсқауын сақтаған жағдайда тұрмыстық техника мен аппаратураны пайдалануға;

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы	044/241-2018	
ОҚМА жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру Ережесі	15 беттің 12 беті	

- жатақхананың білім студенттік кеңесінің өмір сүру жағдайын жақсарту, тіршілік және тұрғының демалысы мәселелері бойынша жатақхананың жұмысын күшейту;
- тұрғындардың ұсыныстарын жүзеге асыру бойынша шара қолдану, оларды қолданылған шаралар жөнінде хабардар ету;
- жатақхананы және бекітілген аумақты өз еркімен тазалау, қызмет ету, жайландыру бойынша жұмыстар жүргізу барысында қажетті қондырғылармен, жабдықтармен, құралдармен және материалдармен қамтамасыз етуге;
- жатақханада тұратын тұрғындар мен персоналды өرت қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздігімен қамтамасыз етуге.

11. Жатақханада өзін-өзін басқару органдары

11.1 Жатақханада тұратын білім студенттік өзін-өзі басқару ұйымының мүшесі – жатақхананың білім студенттік кеңесі (әрі қарай студ.кеңес), болып саналады және ол тұрғындардың атынан шығатын өкіл бола алады.

Жатақхананың студкенесі бөлмелердің, (блоктардың) жетекшілердің іс-әрекетін реттеп отырады, жатақхананың өзін-өзіне қызмет ету бойынша жұмысын ұйымдастырады, жатақхана мен оған қарасты аумақта қоғамдық пайдалы жұмыстарды өз еркімен атқаруға баулиды, жатақхана әкімшілігінің тұрғындарға сеніп тапсырылған материалдық заттарды ұқыпты пайдалануға көмектеседі, мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады.

Жатақхана студкенесі өзінің жұмысын осы Ережеге сүйене отырып жүзеге асырады.

11.2 Жатақхананың әр бір бөлмесінде (блогында) жетекші сайланады. Бөлменің (блоктың) жетекшісі бөлмеде (блокта) бар мүлікке ұқыпты қарауды, бөлмені (блокты) таза және тәртіпті ұстауды қадағалайды.

Бөлменің (блоктың) жетекшісі өзінің жұмысында жатақхана білім студенттік кеңесінің және жатақхана әкімшілігінің шешімдерін негізге алады.

12. Жатақхана тұрғындарының жауапкершілігі

12.1 Осы Ережелерді бұзғаны үшін тұрғындарға жатақхана әкімшілігінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы, Академия жарғысы және ішкі еңбек тәртібінің ережесіне сәйкес қоғамдық және тәртіптік қатысы бар шаралар қолданылады.

Жатақханадан шығару түріндегі тәртіптік жаза Академияның тұрғын үй комиссиясымен белгіленген тәртіпке сай қарастырылады.

12.2 Академия жарғысы және ішкі еңбек тәртібінің ережесінде қарастырылған міндеттерді бұзған тұрғындарға келесі тәртіптік жаза қолданылады:

- а) ескерту;
- ә) сөгіс;



б) жатақханадан шығару;

в) жатақханада тұрғылықты орынды жалға алу келісімін бұза отырып, Академиядан шығару.

12.3 Тәртіптік жаза қолдану факультет деканының ұсынымы бойынша Ректор бұйрығымен рәсімделеді.

13. Жатақхана тұрғындарын шығару тәртібі

13.1 Тұрғындар келесі жағдайларда шығарылуы мүмкін:

а) тұрғылықты орнын гигиеналық, санитарлық талаптарға сай пайдаланбаса;

ә) тұрғылықты орынды өздері немесе олардың жауапкершілігіндегі тұлғалар бұзса немесе зақым келтірсе;

б) келген жері бойынша тіркелуден бас тартса;

в) тұрғындардың құқығын жүйелі түрде 2 рет бұзса, көршілердің тыныштығын алса;

г) екі ай ішінде тұрғылықты орны үшін ақы төлемесе;

д) жатақхана әкімшілігін жазбаша ескертусіз екі айдан көп болмаған жағдайда;

е) жатақханаға ішкілік ішіп немесе есірткі пайдаланған күйде келсе;

ж) есірткі заттарын сақтап, таратса, қолданса;

з) тұрғындар жатақханада жарылғыш, химиялық қатерлі заттарды, оқты қаруларды сақтаса;

и) академиядан шығарылса;

к) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да жағдайларда.

13.2 Академияның байқау комиссиясының шешімі негізінде жатақхана тұрғындары келесі жағдайда шығарылады:

- тұрғылықты орынды жалдау келісімшартында қарастырылған негіздер бұзылған жағдайда:

- осы Ережелерді және ішкі еңбек тәртіп ережесін бұзғаны үшін окудың аяқталу мерзіміне дейін Академиядан шығаруға;

- тұрғындардың жеке өтініші бойынша;

- академиядан білім алушылардың оқу уақыты бітуіне байланысты шығарылса.



14. Библиография

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заны 5 бабының 46-13) тармақшасына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы бекіткен №66 бұйрығы







Әзірлеген:

Лауазымы	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасының басшысы	Сәлім Е.Қ.	29.08.18	

Тексерген:

Лауазымы	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
МЖСМЖ секторының менгерушісі	Ибадуллаева Е.С.	3.09.18	

Келісілді:

Лауазымы	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
СДЖИ жөніндегі Бірінші проректор	Бапаев Ж.Б.	06.09.18	
ОӘЖ жөніндегі проректор	Анартаева М.Ұ.	05.09.18	
Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің менгерушісі	Биданов Б.Д.	03.09.18	
Интернатура және жұмысқа орналастыру бөлімі деканы	Досыбаев Б.Қ.	04.09.18	
Фармация факультетінің деканы	Дәуренбеков Қ.Н.	04.09.18	
Медицина факультетінің деканы	Долтаева Б.З.	04.09.18	
Медицина колледжі директоры	Отыншиев М.Ә.	04.09.18	
ОҚМА жатақханасының менгерушісі	Суханбердиева М.А.	04.09.18	

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA <i>-1979-</i>	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты басқармасы	044/241-2020	
ОҚМА жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру Ережесіне №1 өзгертулер мен толықтырулар	1 беттің 1 беті	

ОҚМА жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру Ережесіне №1 өзгертулер мен толықтырулар

ОҚМА жатақханасында білім алушыларға орын бөлу және тұру Ережесіндегі 4. ОҚМА жатақханасына орналастыру және орын ұсыну тәртібі бөліміне 4.15 Жатақханадағы тәуліктік орналастыру тәртібі бөлімшесі төмендегі мазмұнда қосылады:

4.15 Жатақханадағы тәуліктік орналастыру тәртібі

Жатақханаға қашықтан келген студенттердің ата-анасы және біліктілігін жетілдіруге келген тыңдаушылар, құжат тапсыруға келген талапкерлер мен олардың ата-аналары жатақханаға тәуліктік төлем жасап орналаса алады. Аталған азаматтар жатақхана комендантына деканның, қабылдау комиссиясы хатшысының рұқсаты мен төлем жүргізілген түбіртекті алып баруы керек.

Ректор

М.Рысбеков

05.03.2020ж.